

*Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық
институты*

**Тақырыбы: Заңды
жауапкершілік ұғымы,
түрлері, қағидалары**

Орындаған: Кочкарова
О.

Тобы: 119-15

Қабылдаған: Абиева

Заң

мемлекеттің ең жоғарғы басқарушы органының шығарған, қабылдаған ең жоғары күші бар нормативтік кесім. Барлық заңдар және заңға тәуелді нормативтік кесімдердің Конституцияға сәйкес болуын Заңның үстемдігі дейді.



Заңды міндет

бұл заңды қажет жүріс-тұрыс шамасы. Міндет-бұл субъективтік құқықтың жүзеге асырылуының кепілі. Заңды міндеті бар тұлға оны өз еркімен орындамаса, мемлекеттің мәжбүрлеу күші қолданылады. Мысалы, ата-ана өз баласын асырап, бағып, тәрбиелеуге міндетті. Егер бұл міндетін орындамаса, заңда белгіленген шара қолданылады. Міндет заңды тұлғаларға да жүктеледі.



Заңды жауапкершілік

бұл құқықбұзушылық жасаған тұлғаларға заңнамамен көзделген мемлекеттік мәжбүрлеу шараларын белгілі бір іс жүргізушілік тәртіпте қолдану. Шаралар мынадай сипатта болуы мүмкін: а) жеке сипаттағы шаралар (бас бостандығынан айыру); ә) мүліктік сипаттағы шаралар (айыппұл); б) ұйымдастырушылық сипаттағы шаралар (жұмыстан босату).



Заңға негізделген айғақтар

Құқықтық қатынастардың пайда болуымен, өзгеруімен немесе тоқтауымен құқық нормалары арқылы байланыста болатын тіршілік жағдайлары.




Заңды жауапкершіліктің қағидалары:

- 1) заңдылық-жауапкершіліктің тек құқықбұзушылық (яғни, құқықәрекетқабілетті тұлға жасаған кінәлі, құқыққа қайшы әрекет немесе әрекетсіздік) үшін ғана қолданылатынын білдіреді;
- 2) әділеттілік-жазаның кінәға сәйкестігін, теріс қылықтар үшін қылмыстық санкцияларды белгілеуге жол берілмейтіндігін, кінәліге бір құқықбұзушылық үшін тек бір ғана жазаны тағайындауды білдіреді;
- 3) негізділік-істің жағдайларын объективтік түрде зерттеуді және нақты жазалау шарасын заңға сәйкес анықтауды білдіреді;
- 4) ізгілік (гуманизм)-адамның қадір-қасиетін қорлайтын жазалау шараларын белгілеуге және қолдануға тыйым салуды білдіреді;
- 5) жауапкершіліктің міндетті түрде болатындығы-жасалған қылмыс үшін заңды жауапкершіліктің міндетті түрде туындайтынын білдіреді;
- 6) мақсаттылық-құқықбұзушыға қатысты таңдалған жазаның заңды жауапкершіліктің мақсаттарына сәйкестігін білдіреді.




Заңның белгі, нышандары:

1. Мемлекеттің ең жоғарғы басқарушы органы немесе референдумда қабылданған, бекіткен кесімі.
2. Ең күрделі мәселелер туралы қабылданған кесім.
3. Заңның өзіне тән арнаулы процедурасы бар, ол төрт кезеңнен тұрады: заң жобасын жасап, ұсыну; жобаны талқылау; заңды қабылдау, бекіту; заңды жариялау.
4. Заңды ешкім өзгертпейді, толықтырмайды. Тек қана қабылдаған орган өзгерте алады, толықтырады.
5. Заң - барлық нормативтік актілердің негізі, діңгегі. Қоғамда заңның үстемдігі қалыптасу керек.



Заңдылық-бұл қоғамдық қатынастардың барлық қатысушыларының құқық нормаларын қатаң түрде сақтауы.



Заңдылықтың қағидалары

- 1) заң үстемдігі-барлық нормативтік және жеке құқықтық актілердің заңға бағыныстылығын білдіреді;
- 2) заңдылықтың тұтастығы-нормативтік актілерді түсіну мен қолдану елдің бүкіл аумағында бірдей болуы тиіс дегенді білдіреді;
- 3) заңдылықтың мақсатқа сәйкестігі- құқықшығармашылық және құқықты жүзеге асыру қызметінің қоғамның мақсаттары мен міндеттеріне жауап беретін ең дұрыс түрлерін қатаң түрде заңдардың шегінде таңдау қажеттігін, заңдылық пен мақсатқа сәйкестілікті қарама-қарсы қоюды болдырмауды білдіреді, яғни, мақсатқа сәйкестілікті себеп қылып заңды бұзуға жол берілмейді;
- 4) заңдылықтың шынайылығы-құқықтық ережелердің барлық қызмет түрлерінде іс жүзінде орындалуына жетуді және оларды кез-келген түрде бұзу міндетті түрде жауапкершілікті көздейтінін білдіреді.



Заңды жауапкершілікті жоятын жағдайлар:

- 1) есі дұрыс еместік-тұлғаның өз әрекеттеріне есеп бере алмауы;
- 2) қажетті қорғаныс-мемлекеттің, қоғамның тұлғаның мүдделерін қоғамға қауіпті нұқсан келтіруден қорғау барысында нұқсан келтіруші тұлғаға зиян келтірумен сипатталады; алайда, қажетті қорғаныс шегінен асып кетпеуі тиіс, яғни, қорғандың нұқсан келтірушіліктің қоғамға қауіптілігінің сипаты мен дәрежесіне айқын түрде сәйкес келмеуі орын алмауы тиіс;
- 3) аса қажеттілік-мемлекеттің, қоғамның, тұлғаның мүдделеріне қауіп төндіруші әрекетті жою жағдайында мүмкін, қойылатын шарт-бұл қауіп басқа құралдармен жойыла алмауы қажет және аса қажеттіліктен туындаған зиян алдын алған зияннан аз болуы тиіс;
- 4) қоғамға аса қауіптілігі жоқ құқықбұзушылық;
- 5) казус (жағдай) және т.б.



НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА

А

РАХМЕТ